
Ойын – бала өмірінің ажырамас бөлігі. Сабақ барысында әріптерді, дыбыстарды үйретуде түрлі дидактикалық ойындарды, қимыл-қозғалысты жаттығуларды пайдалану баланың қызығушылығын арттырады. Мысалы:

- ❖ «Қай әріп жоғалды?» ойыны.
- ❖ «Дыбысты тап» жаттығуы.
- ❖ Әріптерді суретпен сәйкестендіру.

Көрнекілік әдісіне келсек, бала әріп пен дыбысты көзбен көріп, қолмен ұстап, естіп үйренгенде, ақпарат есінде жақсы сақталады. Бұл үшін:

- ❖ Әріптік карточкалар.
- ❖ Дыбыстық үлгілер.
- ❖ Көркем суреттер, плакаттар кеңінен қолданылады.

Сюжеттік суреттер арқылы әңгімелету және ертегі мен өлеңдер арқылы үйрету де маңызды. Балаларға сурет көрсетіп, сол суретке қатысты әңгіме құрату – тіл байлығын, логикалық ойлауын дамытудың өте жақсы жолы. Бұл әдіс баланың сөздік қорын байытып, сөйлеу қабілетін дамытады. Жеке баланың деңгейіне қарап, оған лайық тапсырмалар беру және топпен бірлесіп орындау дағдыларын қалыптастыру – екі жақты тиімді тәсіл. Топтық жұмыс кезінде балалар бір-бірінен үйренеді, ынтымақтаса әрекет етеді. Балаларға таныс және сүйікті ертегі кейіпкерлерін оқу материалдарына қосу оқуға қызығушылықты арттырады. Ырғақ мен ұйқас арқылы берілген өлең жолдары дыбыстарды тез меңгеруге көмектеседі[3,5].

Мектепалды даярлық тобында сауат ашуды тиімді ұйымдастыру – баланың болашақ оқу жетістіктерінің іргетасы. Бұл кезеңде қаланған білім негізі баланың мектепке деген көзқарасын, оқуға деген ынтасын және жалпы білім алу процесіндегі табысын айқындайды. Сондықтан, бұл маңызды міндетті орындауда дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдер мен ойын түрлерін қолдану аса маңызды. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін қызықты әрі тартымды ету керек. Ойын арқылы оқыту – бұл әріптер мен дыбыстарды үйренуді, сөздерді құрастыруды және жазу дағдыларын қалыптастыруды жеңілдететін ең тиімді әдіс. Мысалы, әріптерді кубиктермен құрастыру, дыбыстарды айыруға арналған дидактикалық ойындар, суреттер арқылы сөздерді оқу, немесе тіпті әріптерді жазуға арналған жаттығулар арқылы балалардың оқу мен жазуға деген ынтасы артады. Олар оқуды мәжбүрлеу емес, қызықты ойын ретінде қабылдайды, бұл олардың ішкі уәжін күшейтеді. Сонымен қатар, сауат ашу барысында баланың тілі дамиды, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Әрбір дыбысты дұрыс айтуға үйрету, сөздердің мағынасын түсіндіру, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға машықтандыру – осының бәрі баланың ауызша және жазбаша тілін дамытады. Балалардың өз ойларын еркін жеткізуіне, сұрақ қоюына және жауап беруіне жағдай жасау олардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді. Дұрыс сөйлеу дағдысы, өз кезегінде, олардың әлеуметтік ортада өзін сенімді сезінуіне ықпал етеді. Тәрбиешінің басты міндеті – баланың қызығушылығын сөндірмей, оны білім алуға жұмылдыру. Бұл үшін педагог әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оның қажеттіліктеріне қарай оқу материалдарын бейімдей білуі керек. Шығармашылықпен жұмыс істеу, жаңашыл тәсілдерді қолдану, әрбір жетістікті ынталандыру – тәрбиеленушінің оқуға деген оң көзқарасын қалыптастырады. Сауат ашудың алғашқы баспалдағын қызықты әрі ұмытылмас ету – әр педагогтің шеберлігіне, біліктілігіне және балаларға деген сүйіспеншілігіне байланысты. Педагогтың ынтасы мен кәсібилігі баланың білімге деген алғашқы қадамын қаншалықты сәтті ететінін айқындайды. Осылайша, даярлық тобындағы сауат ашу процесі баланың болашақ білім жолына сенімді негіз қалап, оның білімге деген өмір бойғы қызығушылығын оятады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламасы» (5–6 жас). – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 120 б.
2. Балабақша тәрбиешісінің энциклопедиясы – Алматы: «Фолиант», 2018.
3. «Мектепалды даярлық. Жазу дәптері» / Құраст.: Әлімханова Г., Сағындықова А. – Алматы: Фолиант, 2021. – 56 б.

ОҚУШЫЛАРҒА АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЖАҢАША БАҒЫТТА ТҮСІНДІРУ

Исполатова Назгуль Рамазанова
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы
Рудный қаласы білім бөлімінің
«№ 11 жалпы білім беретін мектебі» КММ



Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің алыбы, ойшыл, ағартушы. Оның өлеңдері мен қара сөздері – халықтың рухани байлығы, адамгершілік пен білімнің шамшырағы. Бүгінгі заманда бізге жүктелген маңызды міндеттің бірі – Абай мұрасын жас ұрпаққа жаңа, заманауи тұрғыда жеткізу. Абайдың шығармаларын түсіндіруде оқушы санасына жақын, қызықты әрі түсінікті әдіс-тәсілдерді қолдануға тырысамын. Себебі бұл жастағы оқушылардың ойлау жүйесі нақты бейнелерге, көрнекілікке, ойын арқылы түсінуге бейім. Мысалы, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Жаз», «Күз» өлеңдерін түсіндіруде мен оқушылармен бірге сахналық көрініс коюды, сурет салдыруды немесе мультимедиялық презентация көрсетуді ұнатамын. Әр жолды түсініп, өз өмірлерімен байланыстыра отырып талдауға тырысамыз. Бұл – оқушыны ойландырып, шығарманы жүрегімен сезінуге көмектеседі. Сондай-ақ, Абайдың қара сөздерін балалар тілімен бейімдеп, шағын әңгіме түрінде айтып беріп, кейін оны талқылаймыз. Мысалы, Абайдың еңбек туралы ойын «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның



тіленбей» деген нақыл арқылы түсіндіріп, балаларды өз еңбегінің маңызын ұғынуға жетелеймін. Жаңаша бағыттағы оқыту – бұл тек технология қолдану емес, ең алдымен оқушыны ойландыра білу, Абайдың айтқан терең ойларын бала жүрегіне жеткізе алу. Осы мақсатта түрлі ойын әдістері, сұрақ-жауап, дебат элементтері мен топтық жұмыстар сынды тәсілдерді қолданамын. Абайдың шығармалары ешқашан ескірмейді. Бірақ оны қалай түсіндіру – мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Егер біз балалардың жас ерекшеліктеріне сай әдістер қолдансақ,

олар Абайды тек жаттап қана қоймай, түсінетін, сезінетін, қадірлейтін ұрпақ болып өседі деп сенемін. Абай – қазақ халқының рухани көсемі. Оның әрбір өлеңі, әрбір қара сөзі – ұлттың тәрбие мектебі, адам болудың, кемелденудің жолкөрсеткіші. Әсіресе, ақ пен қараны енді ажыратып келе жатқан, ойын мен қиял әлемінде жүрген бүлдіршіндерге түсіндіре білу, бұл – үлкен жауапкершілік пен шығармашылықты талап ететін іс. мұғалім ретінде, Абай шығармаларын түсіндіруде баланың жас ерекшелігі мен психологиясын басты назарда ұстаймын. Балалар көрнекілікке, образға, қимылға, сезімге бейім келеді. Сондықтан мен Абайдың ойлы сөздерін дәл солардың тілімен, өмірімен байланыстыра отырып жеткізуге тырысамын. Өлеңмен тәрбиелеу – жүрекке жол табу деген сөз. Мысалы, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін өткенде, біз алдымен өлеңді мәнерлеп оқимыз:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба.
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге...[1, 25].

Сосын балалармен бірге «Ғылым деген не?», «Неліктен орынсыз мақтануға болмайды?» деген сұрақтар төңірегінде пікірлесеміз. Балалар өз ойларын еркін айтады, тіпті бір-біріне мысал келтіріп, талдайды. Бұл – олардың ішкі дүниесінің дамуына, өзіндік пікір қалыптастыруына жол ашады. Кейде өлең жолдарын рөлге бөліп оқимыз, кейде сахналық көрініс жасаймыз. Бір оқушы бала Абай атаның рөлінде болып, өлеңін оқыса, қалғандары тыңдап, сұрақ қояды. Бұл – балаларды қызықтыра отырып, терең ойға жетелейтін әдіс.



Сондай-ақ, табиғатты тану – әлемді Абайша сүю. Абайдың «Жаз», «Күз» сынды табиғат лирикасын өту – баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Мысалы:

Жаздыгүні шілде болғанда,

Көгорай шалғын, бәйшешек...[2,37]

Осы өлең арқылы балалардың елестету қабілетін дамытамыз. Олар көз алдарына жайлаудағы шөп, өзен, мал, балашағаны елестетіп сурет салады. Біз бірге өлеңді оқи отырып, табиғаттың сұлулығын, маусымдық өзгерістерді, тіршіліктің үндестігін түсінеміз. Ал «Күз» өлеңін өткенде:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан...[2,39]

Бұл өлең балаларға табиғаттың көңіл күйі арқылы адамның ішкі дүниесін жеткізудің бір жолы екенін ұғындырады. Олар күздің суығы мен мұңын түсінеді, өз өмірімен байланыстырады. Тіпті күз мезгілінде өз бастарынан өткен қызықты оқиғаларымен бөліседі. Абайдың қара сөзі – ақылдың кені деген рас, бірақ оқушыларға толық, күрделі нұсқада беру қиын болуы мүмкін. Бірақ мен қара сөздердің мағынасын жеңілдетіп, мысалдармен, ертегімен немесе шағын оқиға түрінде бейімдеп жеткіземін. Мысалы, Абайдың отыз жетінші қара сөзіндегі «Мал таппақ керек, бірақ оны адал жолмен табу керек» деген ойды «адал еңбек» туралы қысқа әңгіменің мазмұнына енгіземін. Сосын балалармен бірге «адал», «арам», «еңбек» ұғымдарын талқылаймыз. Бұл олардың тек тілдік емес, адамгершілік тәрбиесін де дамытады. Оқушыларға Абай Құнанбайұлының шығармаларын жаңаша бағытта түсіндіру маңызды. Ал, жаңаша бағыт дегеніміз не?

Жаңаша бағыт – бұл Абайды жаңаша айту емес, оны бүгінгі балаға лайықтап жеткізе білу. Бұл – құрғақ жаттаудан емес, түсіну мен сезіну арқылы үйрену. Мен Абай шығармаларын балалардың өміріне, қызығушылығына байланыстырып түсіндіремін. Мысалы, «Жақсы мен жаман» ұғымын мультфильм кейіпкерлері арқылы салыстырып талдаймыз, Абай айтқан жақсы қасиеттерді күнделікті өмірде көрген мысалдармен байланыстырамыз. Балалар үшін Абай – алыстағы дана емес, қасымыздағы атасындай ақыл айтатын тұлға болуы керек. Сол кезде ғана олар Абайды жүрегімен қабылдайды, айтқандарын өмірлік ұстанымға айналдырады. Абай шығармалары – терең, сырлы, ойлы. Оларды балаларға түсіндіру – тек әдебиет сабағы ғана емес, үлкен тәрбие сағаты, адам болуға үйрету мектебі. Біз, мұғалімдер, сол жолда көпір болуымыз керек. Егер біз Абайды өзіміз түсініп, сүйіп оқысақ – балалар да соған ереді.

Адамзаттың бәрін сүй,

Бауырым деп.

– деген Абай аманатын бала жүрегіне сіңіре алсақ – ұлы ақынның арманы орындалды деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы, 1-том. жыл «Жазушы баспасы», Алматы. 1986.
2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы, 2-том» Жазушы. 1995 жыл.



З. Абай. Толық шығармаларының бір томдығы. «Жібек жолы» баспасы, Алматы, 2005.

РОЛЬ ЗАМЕСТИТЕЛЯ ДИРЕКТОРА ПО УЧЕБНОЙ РАБОТЕ В ОБЕСПЕЧЕНИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

**Понамарёва Александра Евгеньевна
заместитель директора по учебной работе
КГУ «Успенская основная средняя школа»
отдела образования Бородулихинского района
управления образования области Абай**

Современное образование сталкивается с новыми вызовами: цифровизация, изменение подходов к обучению, рост требований со стороны общества и государства. В этих условиях заместитель директора по учебной работе становится ключевой фигурой, от которой во многом зависит качество образовательного процесса. Одна из главных задач заместителя

директора – это планирование и организация учебного процесса. Это прежде всего стратег. Его функция начинается с тщательного планирования учебного процесса. Он отвечает за разработку и реализацию учебных планов, программ, графиков, которые соответствуют государственным стандартам и потребностям обучающихся. Это включает анализ образовательных потребностей, внедрение новых учебных технологий и методик, а также адаптацию содержания образования к быстро меняющимся реалиям. Мы видим, что ЗДУР является ключевой фигурой в методической работе. Мы организуем и координируем деятельность методических объединений, проводим семинары, тренинги, мастер-классы для учителей. Наша цель в этой работе – повышение профессиональной компетентности педагогов, внедрение передовых педагогических практик и поддержка творческих инициатив. Контроль за качеством преподавания, посещение уроков, анализ успеваемости и мониторинг результатов обучения также входят в наши прямые обязанности. Эффективная система контроля, выстроенная нами, позволяет своевременно выявлять проблемы и корректировать учебный процесс составление учебных планов и расписаний.

Помимо административных функций, роль заместителя директора по учебной работе глубоко гуманитарна. Он выступает в качестве лидера и мотиватора для педагогического коллектива. Создание благоприятной, поддерживающей атмосферы в школе, где каждый учитель чувствует свою значимость и имеет возможности для профессионального роста, является залогом успешной работы. Мы вдохновляем педагогов на поиск новых решений, поддерживает их в трудных ситуациях и поощряет за достижения.

Не менее важна моя роль в работе с учениками. Я слежу за качеством их знаний, но при этом активно участвую в создании условий для их всестороннего развития. Это может быть организация олимпиад, конкурсов, проектной деятельности, которая развивает не только академические знания, но и креативное мышление, исследовательские навыки. Я также работаю с родителями, объясняя им особенности учебного процесса и вовлекая их в школьную жизнь, что формирует триединый союз «ученик-учитель-родитель».

Современный ЗДУР должен быть аналитиком и инноватором, и я считаю себя именно таким. Я постоянно изучаю лучшие образовательные практики, анализирую данные о качестве обучения, выявляю сильные и слабые стороны учебного процесса. На основе этого анализа я принимаю обоснованные решения по его совершенствованию. Внедрение цифровых технологий, онлайн-обучения, персонализированных образовательных траекторий – все это требует от меня глубоких знаний и готовности к изменениям. Я должна быть

открыт для нового, но при этом критически оценивать эффективность внедряемых инноваций.

Таким образом, роль заместителя директора по учебной работе в современной школе трудно переоценить. Это не просто управленец, а педагог-лидер, координатор и стратег, от которого зависит не только организация учебного процесса, но и качество образования в целом. Эффективная работа завуча – это залог успеха всей школы. Это многогранная и ответственная миссия, требующая глубоких знаний в педагогике, психологии, менеджменте, а также лидерских качеств и стратегического мышления. От моего профессионализма, самоотдачи и умения выстраивать эффективное взаимодействие зависит не только успеваемость учеников, но и общее развитие школы, её адаптация к требованиям времени и, в конечном итоге, будущее подрастающего поколения. Я убеждена, что ЗДУР – это сердце образовательного процесса, пульс которого определяет ритм и качество школьной жизни. Современный ЗДУР — это специалист, сочетающий в себе качества педагога, психолога, аналитика и управленца. Его деятельность требует системного подхода, знания в области педагогики, возрастной психологии, образования взрослых, а также владения современными технологиями управления и методиками обеспечения качества образования. Особое значение в его работе имеет способность стратегически мыслить и оперировать категориями развития: как личности ученика, так и образовательного учреждения в целом. В век цифровизации и постоянных изменений в нормативно-правовой базе образования заместитель по учебной работе становится связующим звеном между традициями педагогики и современными инновациями. На практике от моего профессионализма, самоотдачи и умения выстраивать эффективное взаимодействие с педагогами, обучающимися, родителями и внешними партнёрами зависит не только текущий уровень успеваемости учащихся, но и более широкий спектр задач:

- ✓ формирование современной учебной среды,
- ✓ реализация индивидуальных образовательных маршрутов,
- ✓ внедрение и сопровождение цифровых решений,
- ✓ подготовка школы к аттестациям, аккредитациям и мониторингам,
- ✓ развитие педагогического потенциала коллектива.

Я глубоко убеждена, что заместитель директора по учебной работе – это сердце образовательного процесса, пульс которого определяет ритм, устойчивость и качество школьной жизни. Именно он формирует внутреннюю образовательную политику учреждения, реагируя на вызовы времени и преобразуя стратегические ориентиры в конкретные шаги на практике. Кроме того, завуч — это лидер, вдохновляющий команду, задающий вектор профессионального роста, открытый к изменениям, способный к самоанализу и выстраиванию эффективной коммуникации на всех уровнях. Его работа — это постоянный поиск баланса между административной необходимостью, педагогической этикой и гуманистической миссией школы как института воспитания личности.

Таким образом, заместитель директора по учебной работе — это не просто организатор учебного процесса, а один из главных архитекторов качества образования в школе. Его компетенции и личностные качества напрямую влияют на успешность образовательной политики учреждения и, как следствие, на будущее подрастающего поколения, которому предстоит строить мир завтрашнего дня.

Список использованной литературы:

1. Богданова, И. М. Управление образовательным процессом в школе: учебное пособие для руководителей ОО / И. М. Богданова. – М.: Академия, 2020. – 192 с.
2. Құдайбергенова, К.С. Білім беру жүйесіндегі жаңартылған мазмұн: теория және практика. – Астана: НЗМ ДББҰ, 2018. – 180 б.
3. Громова, Е. А. Современная школа: управление качеством образования / Е. А. Громова. – М.: Учитель, 2019. – 128 с.



«ҮЗДІКСІЗ ЖҮКТЕМЕ – ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ БАПТАУ» ӘДІСІ

Анкебаева Асем Маркаленовна

Абай облысы, Аягөз қаласы

«Қалалық қазақ мектеп-лицейі» КММ

Қазақстанды әлемдік деңгейде таныту үшін білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті жоғары деңгейде болуы қажет. Оқу үрдісі уақыт талабына сай өзгеріп отырса да, тек педагогтарымыз ғана оның мазмұнын оқушы санасына жеткізеді. Шәкіртті оқу үрдісінде мұғаліммен бірдей танып, дара тұлға ретінде қабылдап, шығармашылық жұмысқа бағыттау, талантты, дарынды оқушылардың қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай туғызу – әр мұғалімнің міндеті. Осы орайда, келешек ұрпаққа сапалы білім беріп, білік, дағдыларын қалыптастыру заман талабына айналууда. Сапалы білім көрсеткіштерінің бірі жалпы білім беретін пән олимпиадасы болып табылады. Осы олимпиадаға оқушы дайындаудың белгілі бір дайын рецептісі

жоқ. Әр мектеп, әр мұғалім өткен тәжірибелері негізінде өз бетінше оқушы дайындайды. «Қалалық қазақ мектеп-лицейі» КММ – білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес оларға кең ауқымда және тереңдете жаратылыстанушылық-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны болғандықтан, жаратылыстану-математикалық пәндерді терең меңгертіп, ұлттық құндылықтарға негіздеп, зияткерлік элита қалыптастырып, сан дарынды олимпиада жеңімпаздары ретінде самғатқан. Соңғы үш жыл көрсеткіші бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада жеңімпаздар саны-18, президенттік олимпиада жеңімпаздары-3.

Дарынды элитаны қалыптастыруда ғылымның алғашқы басқышы- жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы. Пән олимпиадасы елдегі дарынды балаларды анықтауда, оларды ғылым жолына бағыттауда – баламасыз жоба.

«Олимпиадаға оқушыларды қалай дайындап жүрміз, қандай жолдары бар?» деген сауалға бірлесіп жауап іздеп, өз іс-тәжірибеммен бөлісетін боламын. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың өз зерттеулерінің негізінде: “Мұғалімдер үшін дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды»-деген екен[2.]

Шындығында, біз жұмыс істеуде нәтиже беретін оқушыны іздейміз. Пәнге икемі бар оқушыларды қалай анықтаймыз?

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады»- деп Абай Құнанбайұлы айтқандай, [3]дарынды балаларды қалай анықтаймыз?

Олимпиадаға оқушы дайындау үшін сол олимпиадаға қатысатын, аталған пәнге деген икемі бар оқушыны психологтың көмегімен дұрыс тандап аламыз.Екіншіден, ол оқушының

ата-анасымен кездесіп, сөйлесе отырып баланың осы пәнге деген ыңғайының бар екенін басқа оқушыларға қарағанда озық тұрғанын тілге тиек ете отырып, сол оқушыға сенім артатыныңызды да атап айтамыз. Үшіншіден, олимпиадаға оқушыны дайындаудың жолдары дұрыс қарастырылған.

Сапалы және жүйелі дайындық үздіксіз жүргізілсе, баланың ми клеткалары сапалы қозғалысқа келіп, оқушының алғырлығы арта түсетіні ғылымда дәлелденіп келеді.

Осыған сәйкес дарындылықты дамыту жұмыстары төмендегідей:

1. Дарынды оқушылардың банкі құрылған.
2. Ұстаздардың өзіндік жұмысы, жоспары бар. Олимпиадаға дайындық материалдары жинақталған.
3. Олимпиадалық резерв мектебі жұмыс жасайды. Педагогикалық кеңестің қаулысымен әр бейсенбі олимпиадалық резерв мектебінің дайындық күні болып белгіленген.
5. Аралық бақылау. Сапалы дайындық көрсеткіші негізінде педагогикалық кеңесте рейтинг көрсетіледі.
6. «Үздік ондық» Ітоқсан
7. «Үздік жетілік» ІІ тоқсан
8. «Үздік бестік» ІІІтоқсан
9. «Үздік оқушы, үздік мұғалім» Жыл соңы.
10. «Физика», «Математика», «Химия» атты оқушылардың клубы бар. Жоғары сыныптың оқушылары 5-8 сыныптың оқушыларына олимпиада тапсырмаларын бірлесе отырып орындап, бірін-бірі үйретеді.

«Үздіксіз жүктеме» әдісі. екі ұғымда қолданылады. Үнемі және тоқтаусыз. Олимпиадаға сапалы дайындық жүргізуде оқушыларды жүйелі, үздіксіз, бірізді жұмыс жүргізіледі. Барлық пәндерде оқушы берілген тапсырманы толық орындамаса, жүктеме(үстіне)тағы екі тапсырманы қосып береді. Нәтижесінде оқушылар жауапкершілікке, табандылыққа үйреніп, республика жеңімпаздары атанып отыр. Сапалы әрі жүйелі дайындық- тек баланың ғылымға ғана көзқарасын қалыптастырып қоймай, болашаққа деген нық сенімін орнатып, өзіне деген сенімін нығайтып, биік мақсаттар қоя алтын дарынды элита қалыптастыру моделін жасауға мүмкіндік береді.


Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
2. П. Торранс «Gifted Children Can Read Statistics» 1970 жыл
3. Абай Құнанбайұлы Қара сөз «Meloman» баспасы «Абай 175» сериясы. 2020 жыл.

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ТИІМДІ ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Еримбетова Дамегуль Кенжебаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Жезкент орта мектебі» КММ

Абай облысы білім басқармасының
Бородулиха ауданы бойынша білім бөлімі



Қазақстан Республикасында білім берудің мазмұны жаңартылып, оқыту үдерісі ұлттық құндылыққа бағытталғандықтан оқушының тұлға ретінде дамуына негізделген жүйе қалыптасуда. Мұндай жүйеде оқушының функционалдық сауаттылығын, соның ішінде оқу сауаттылығын арттыру – басты мақсаттардың бірі. Бұл сауаттылық түрі оқушының мәтінді түсініп, талдай алуы, ақпаратты бағалап, оны өмірде қолдану қабілетін білдіреді. Оқу сауаттылығын дамытуда мәтінмен жұмыс істеудің әдістемесін жетілдіру – мұғалім жұмысының ең өзекті бағыттарының бірі. Қазіргі білім беру жүйесі оқушыны тек академиялық біліммен қаруландырып қана қоймай, оны алған білімін өмірлік жағдайларда еркін қолдана алатын функционалды сауатты тұлға ретінде қалыптастыруды көздейді. Бұл – қағаз бетіндегі білімнен гөрі, оны практикада қолдана білу қабілетіне баса назар аудару деген сөз. Осы орайда оқу сауаттылығы – білім беру сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Оқу сауаттылығы дегеніміз – оқушының кез келген мәтінді түсініп, талдап, саралап, одан алған ақпаратты өмірде тиімді қолдана білу қабілеті. Бұл дағды ХХІ ғасырдың ақпараттық ағынындағы табысты өмір үшін аса маңызды. Бұл бағытта мұғалімнің басты міндеті – оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау қабілеттерін жүйелі түрде дамыту. Бұл жұмыс тек оқулықпен шектелмейді, сонымен қатар түрлі жанрдағы мәтіндерді, атап айтқанда ғылыми, публицистикалық, көркем-әдеби мәтіндерді саналы түрде оқуға, талдауға және түсінуге үйретуді қамтиды. Мұғалім оқушыларға мәтіннің негізгі идеясын анықтау, маңызды ақпаратты сүзіп алу, деректерді салыстыру, автордың көзқарасын түсіну және мәтіннің астарындағы мағынаны ашу сияқты стратегияларды меңгертуі қажет[1,7].

Оқушының өз бетімен ақпаратты іздеуі, өңдеуі және дұрыс шешім қабылдауы – қазіргі қоғамдағы өмірлік қажетті дағды. Мұғалімнің бағыт-бағдар беруімен оқушылар мәтіндегі ақпараттың сенімділігін бағалауға, жалған ақпаратты ажыратуға және өз пікірін дәлелдеуге дағдыланады. Осы қабілеттердің барлығы мәтінмен жүйелі жұмыс барысында қалыптасады. Айта кету керек, оқу сауаттылығын дамыту тек қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ғана емес, барлық пән мұғалімдерінің ортақ міндеті болуы тиіс. Математика есептерінің шарттарын түсіну, жаратылыстану пәндеріндегі ғылыми деректерді талдау, тарих оқулықтарындағы оқиғаларға сыни көзқараспен қарау – осының бәрі оқу сауаттылығын қажет етеді. Әрбір пән мұғалімі өз сабағында мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін мысалы, негізгі ақпаратты бөліп алу, кестелер құрастыру, диаграммаларды оқу, терминдерге анықтама беру қолданса, оқушының жалпы сауаттылығы артады. Бұл оқушының әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, ойлау қабілетінің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосады[2,45.]

Мәтінмен жұмыс – оқу сауаттылығын арттырудың негізі. Бұл қарапайым әріп танудан әлдеқайда терең процесс. Тиімді ұйымдастырылған мәтінмен жұмыс оқушыны өз ойын еркін жеткізе алатын, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай білетін, сондай-ақ өмірлік жағдайларда оны тиімді қолдана алатын жан-жақты тұлға ретінде дамытады. Мұғалім әрбір сабақта мәтінмен жүйелі, мақсатты және әдістемелік тұрғыда дұрыс жұмыс жүргізсе, оқу сауаттылығын дамытуда айтарлықтай нәтижелерге жетуге болады[3,29].

Мәтінмен жұмыс әртүрлі кезеңдерді қамтиды: оқу алдындағы дайындық, оқу барысындағы түсіну, оқудан кейінгі талдау мен қолдану. Әр кезеңнің өзіндік маңызы бар. Мәтінге дейінгі жұмыс оқушының қызығушылығын оятып, алдыңғы білімін жаңғыртады.



Оқу барысындағы жұмыс мәтіннің мағынасын тереңірек ұғынуға көмектессе, оқудан кейінгі жұмыс алынған ақпаратты талдауға, синтездеуге және өмірде қолдануға үйретеді. Мұндай жүйелілік оқушының мәтінмен жұмыс істеу дағдысын кешенді түрде жетілдіреді. Оқу сауаттылығы – білім алудың негізгі құралы және заманауи ақпараттық қоғамда сәтті өмір сүру үшін өте маңызды дағды. Оқу сауаттылығын дамыту тек мәтіндерді дыбыстап оқуды ғана емес, сонымен бірге оларды түсіну, талдау және сын тұрғысынан бағалау қабілетін де қамтиды. Бұл үдерісті тиімді ету үшін мәтінмен жұмыстың әртүрлі тәсілдерін қолдану қажет. Бұл эсседе оқу сауаттылығын арттыру үшін мәтінмен жұмыс істеудің тиімді әдістері қарастырылады. Мәтінмен жұмыс – оқу сауаттылығын дамытудың негізгі құралы. Ол оқушыларға:

- жаңа сөздер мен ұғымдарды меңгеруге;
- ойлау қабілетін дамытуға;
- сыни тұрғыдан талдау дағдыларын қалыптастыруға;
- өз ойларын дұрыс жеткізе білуге көмектеседі.

Мәтінмен жұмыс тек оқу сабақтарымен шектелмейді, ол барлық пәндерде қолданылатын әмбебап дағды болып табылады. Мәтінмен жұмыстың тиімді түрлері бар. Оқу сауаттылығын арттыру үшін мыналарды қолдануға болады:

а) Оқу алдындағы жұмыс. Мәтінге деген қызығушылықты ояту маңызды.

Болжау: Мәтін тақырыбына қарап, оның мазмұнын болжауға үйрету. Мысалы: «Бұл мәтінде қандай оқиға туралы айтылуы мүмкін?» деген сұрақтар қою.

Жаңа сөздермен таныстыру: Мәтіндегі негізгі ұғымдар мен терминдерді алдын ала түсіндіру.

Мотивациялық әдістер: Мәтінге байланысты қызықты фактілерді айту немесе қысқа видео көрсету.

ә) Оқудан кейінгі жұмыс. Мәтінмен жұмысты бекітуге арналған әрекеттер.

Талдау және пікір алысу: Мәтін тақырыбы бойынша топтық пікірталас ұйымдастыру. Мысалы: «Мәтіндегі кейіпкердің әрекетіне қалай қарайсыз?»

Әдебиет пен өмірді байланыстыру: Мәтіндегі оқиғаларды нақты өмірмен салыстыру, мысалы, тарихи оқиғаларды қазіргі заманға қатыстыру.

Оқу сауаттылығын арттыру – бұл үнемі жетіліп отыратын үдеріс. Мәтінмен жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін оқу алдында, оқу кезінде және оқудан кейінгі кезеңдерді ескеріп, дифференциациялауды және инновациялық әдістерді қолдану қажет. Осы тәсілдер арқылы оқушылар тек мәтіндерді оқып қана қоймай, оларды терең түсініп, сын тұрғысынан талдай алады, бұл олардың білім алу жолындағы табыстарының кепілі болады.

Негізгі ұстаным: Оқу – бұл тек мәтінді шолып шығу емес, ол – ойдың жаңа биіктеріне ұмтылу!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тұжырымдамасы. Нұр-Сұлтан: НЗМ. 2022.
2. Сапаралы, А. Оқу сауаттылығын қалыптастырудағы мәтінмен жұмыстың маңызы. «Педагогикалық диалог» журналы, №2 (32), 45-50 бб. Алматы. 2019.
3. Қайырбекова, Г. С. Функционалдық сауаттылықты дамытудың инновациялық әдістері. «Қазақстан мектебі» журналы, №4, 28-33 бб. Астана. 2021.



БАЛАБАҚШАДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Кызылова Айгерим Сагидоллаевна
тәрбиеші

«Болашақ» бөбекжай балабақшасы
Атырау облысы, Мақат ауданы

Қазіргі жаһандық экологиялық мәселелер жағдайында өскелең ұрпақтың табиғатқа деген саналы көзқарасын қалыптастыру – педагогикалық қоғамдастықтың маңызды міндеттерінің бірі. Бұл міндет ең алдымен баланың тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы баспалдағы – мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде, яғни балабақшада басталуы тиіс. Балабақшадағы тәрбие жұмысы тек танымдық білім беріп қана қоймай, баланың бойына табиғатқа сүйіспеншілік, қамқорлық пен жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттерді дарытуды көздейді. Экологиялық тәрбие – осы мақсатқа жетудің маңызды жолы. Бұл – табиғат туралы білім ғана емес, табиғи ортаны қорғауға және сақтауға бағытталған саналы іс-әрекет дағдысы. Экологиялық тәрбиенің маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған орта туралы алғашқы түсініктері, бақылау қабілеті, эмоциялық қатынасы дәл осы кезеңде қалыптасады. Егер бала кішкентайынан тірі табиғатты сезініп, жануарлар мен өсімдіктерге қамқор болуға үйренсе, болашақта ол экологиялық жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде дамиды. «Табиғатты сүйе білген бала – адамзатты сүйе біледі» – деп бекер айтылмаған.



Тиімді әдістер мен тәсілдерге келейік. Экологиялық тәрбиені балабақшада қызықты әрі мазмұнды жүргізу үшін тәрбиешіге шығармашылық көзқарас, түрлі әдістер мен формаларды шебер қолдана білу қажет[1,25].

Солардың ішінде кеңінен қолданылатын және тиімді деп танылған әдістерге тоқталсақ:

❖ Табиғатты бақылау.

– Бала табиғатты өз көзімен көріп, бақылау арқылы үйренеді.

– Балабақша ауласындағы ағаштардың өзгеруін, құстардың қимылын, күн мен желдің әсерін

бақылай отырып, табиғаттағы құбылыстарға қызығушылығы оянады.

– Бұл әдіс – баланың бақылағыштығын, байқағыштығын дамытады.

❖ Экологиялық ойындар.

– «Қай ағашты танысың?», «Құстар қайда тұрады?», «Таза мен кір» сияқты ойындар арқылы табиғатқа деген дұрыс көзқарас қалыптасады.

– Рөлдік ойындар – мысалы, «Орман қорғаушысы», «Тазалық сақшысы» – балаларды белсенді әрекетке ынталандырады.

❖ Экологиялық ертегілер мен әңгімелер

– Көркем әдебиет арқылы бала табиғатпен эмоциялық байланыс орнатады.

– Ағаштар сөйлейді, жануарлар қорғанады, адамдар көмектеседі – бұл образдар арқылы бала «табиғат – тірі» деген ойды түсінеді.

– Мысалы: «Су мен күннің досы», «Қоқысқа толған орман» сияқты ертегілер.

❖ Экологиялық акциялар мен жобалар.

– «Таза аула», «Бір тал – бір үміт», «Құс ұясын жасайық» сияқты қарапайым, бірақ мағыналы акциялар балаларды нақты іспен тәрбиелейді.

– Ата-аналар мен тәрбиешілер бірігіп іске асыратын жобалар – тәрбие мен оқытуды біріктіреді.

❖ Экокүнделіктер мен сурет салу.

– Балалар әр аптада табиғаттағы өзгерістерді суреттеп, бояп немесе жапсырып күнделік жүргізе алады.

– Бұл – ойлау мен шығармашылықты дамытатын тамаша әдіс.

❖ Тәжірибелер мен мини-зертханалар.

– «Тұқым қалай өседі?», «Су қайда кетеді?», «Жапырақтар неге сарғаяды?» – балалардың сұрақтарына тәжірибе жасап жауап беру арқылы қызығушылық пен таным белсенділігі артады[2,5].

Балабақшада экологиялық тәрбие беру – бүгінгі заман талабынан туындайтын, әрі болашақ қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Баланың бойында табиғатқа сүйіспеншілік, қамқорлық, жауапкершілік, экологиялық сананы қалыптастыру – тәрбиешінің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Егер біз бүгіннен бастап бала бойына табиғатты аялау мен қорғау мәдениетін қалыптастырсақ, болашақта табиғатпен үйлесімді өмір сүретін саналы ұрпақ тәрбиелейтініміз анық. «Табиғат – тәрбие бесігі» екенін ұмытпайық[3,25].



XXI ғасырдың ең өзекті мәселелерінің бірі – табиғи ресурстардың сарқылуы, климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы секілді экологиялық апаттар. Осы күрделі жағдайлар жас ұрпақтың бойында табиғатқа деген жауапты көзқарасты, саналы қатынасты ерте жастан қалыптастыруды талап етеді. Бұл міндетті жүйелі түрде жүзеге асыру – ең алдымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің еншісінде. Мектепке дейінгі жастағы балалар – қоршаған ортаны зерделеуге, тануға, сезінуге аса бейім, әсерленгіш әрі қабылдағыш тұлғалар. Олардың жүрегінде табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты ояту, табиғат құбылыстарын бақылау арқылы эстетикалық талғам мен эмоциялық сезім қалыптастыру – тәрбие мен білім берудің ең нәзік және жауапты саласы. Демек, баланың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік, қамқорлық, жауапкершілік, экологиялық сана қалыптастыру – балабақша педагогтарының кәсіби біліктілігіне, таңдаған әдіс-тәсілдеріне, және ең бастысы, табиғатқа деген өз көзқарасына тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021.
2. Тұрлыбекова А.Ш. Экологиялық тәрбие – тұлға дамуының негізі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 152 б.
3. Бейсенбаева А.А. Педагогика: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2021. – 356 б.

ВЕБ ДИЗАЙНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТРЕНДТЕР



Еркінбек Қымбат Амангелдіқызы
информатика пәнінің мұғалімі
Қасыл Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназия
Алматы қаласы

Қазіргі заманның қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық қоғамында веб-дизайн тек визуалды безендіру ғана емес, сонымен қатар интернет кеңістігінде тиімді коммуникация орнатудың, интерактивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің негізгі құралы ретінде танылады. Веб-дизайн ұғымының өзі интернеттің пайда болуымен тығыз байланысты. Оның алғашқы кезеңінде, яғни 1990-жылдары, веб-парақшалар тек қарапайым гипермәтіннен тұрды және эстетикалық жағынан аса тартымды болмады. Бұл кезеңде веб-дизайнның басты мақсаты – ақпаратты беру мен құрылымдау болды. Алайда интернеттің дамуына байланысты веб-сайттарға қойылатын талаптар да күрделене түсті: көркемдік шешім, навигация ыңғайлылығы, мобильді бейімделу, жылдам жүктелу және әртүрлі құрылғыларда тиімді жұмыс істеу сынды аспектілер маңызды бола бастады. Веб-дизайнның дамуы – бұл технологиялық прогресс, эстетикалық қабылдаудың өзгеруі және пайдаланушы тәжірибесіне деген көзқарастың жетілуінің айнасы. Уақыт өте келе дизайнерлер мен әзірлеушілер тек әдемі сайт жасауға емес, сонымен қатар пайдаланушыға ыңғайлы интерфейс пен құрылымды құрастыруға бағытталды. Бұл UX/UI (User Experience / User Interface) дизайн салаларының қалыптасуына әкелді. Мысалы, Flat Design, Material Design, Neumorphism сияқты дизайн трендтері – эстетикалық көзқарастың эволюциясын айқын көрсетеді. Бұдан бөлек, веб-дизайн бүгінде тек техникалық не көркемдік сала емес, ол маркетинг, брендинг, ақпараттық қауіпсіздік және қолжетімділік (accessibility) сынды бағыттармен тығыз байланысқан кешенді салаға айналды. Әсіресе, әлеуметтік желілер мен онлайн-коммерцияның дамуы веб-дизайнға жаңа талаптар қойды: жеделділік, мазмұнға фокус, анимация, интерактивті элементтер, адаптивтілік және креативтілік. Веб-дизайн – бұл тек визуалды мазмұн қалыптастыру емес, ақпаратты тиімді жеткізу, қолданушының цифрлық ортада өзін еркін сезінуін қамтамасыз ету, әрі интернет кеңістігінің этикасы мен эстетикасын қалыптастыру жолындағы маңызды құрал. Ол – техника мен өнердің, логика мен сезімнің, креатив пен функционалдың тоғысқан заманауи ғылым мен тәжірибенің түйіні.

1990 жылдар: Мәтін мен кестелердің дәуірі. Веб-дизайнның алғашқы кезеңі 1990-шы жылдардың басына тура келеді. Бұл кезде интернет жаңадан дамып келе жатқандықтан, веб-сайттардың негізгі мақсаты ақпаратты жеткізу болды. Дизайн өте қарапайым, тіпті «қарапайым» деуге де келмейтін. Көбінесе бұл мәтінге негізделген беттер болды, оларда ақ фон, қара мәтін және көк түсті сілтемелер басым болды. HTML (HyperText Markup Language) тілі жаңадан пайда болып, веб-беттерді құрудың негізгі құралы болды. Осы онжылдықтың орта шенінде кестелер (tables) веб-беттердегі элементтерді орналастыру үшін қолданыла бастады. Бұл дизайнерлерге мәтін мен суреттерді бағандарға немесе жолдарға бөліп, беттің құрылымын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Анимацияланған GIF суреттері мен «Under Construction» баннерлері кеңінен тарады, бұл веб-сайттардың әлі де даму үстінде екенін білдірді. Модемдердің баяу жылдамдығына байланысты дизайнерлер графиканың мөлшерін барынша азайтуға тырысты[1,45].

2000 жылдар: Flash, CSS және Веб 2.0. 2000-шы жылдардың басы веб-дизайнға үлкен өзгерістер әкелді. Flash технологиясы кеңінен қолданыла бастады, бұл дизайнерлерге интерактивті анимациялар, дыбыстар және күрделі графикалық элементтерді қосуға мүмкіндік берді. Flash арқылы жасалған сайттар көз тартарлық, бірақ олардың жүктелуі баяу болды және іздеу жүйелері үшін қиындық туғызды. Бұл кезеңде CSS (Cascading Style Sheets) – веб-беттердің стилін (түсін, қаріп өлшемін, орналасуын) HTML-ден бөлек анықтауға арналған тіл – кеңінен тарады. CSS-тің арқасында дизайнерлер кодты оңай басқара алатын

болды және веб-сайттардың дизайнын жүйелі түрде өзгерту мүмкіндігі пайда болды. Онжылдықтың ортасында Веб 2.0 концепциясы пайда болды. Бұл интернеттің тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар пайдаланушылардың өзара әрекеттесуіне, контент құруына және бөлісуіне мүмкіндік беретін платформа ретінде дамуын білдірді. Блогтар, әлеуметтік желілер (Facebook, Twitter) және YouTube сияқты платформалар пайда болды. Дизайнда жылтыр түймелер, градиенттер және көлемді эффекттер сәнді болды[2,96].

2010 жылдар: Мобильді дәуір және жауапты дизайн. 2010 жылдар веб-дизайн тарихындағы маңызды кезең болды, себебі смартфондар мен планшеттердің кең таралуы веб-сайттардың тек дербес компьютерлерде ғана емес, кез келген экран өлшемінде дұрыс көрсетілуін талап етті. Осылайша, «жауапты дизайн» (responsive design) концепциясы пайда болды. Бұл тәсіл веб-сайттың экран өлшеміне автоматты түрде бейімделуін қамтамасыз етеді, бұл пайдаланушы тәжірибесін айтарлықтай жақсартты. Бұл кезеңде минимализм, тегіс дизайн (flat design) және материалды дизайн (material design) сияқты эстетикалық бағыттар танымал болды. Дизайнерлер әсемдік пен функционалдылықтың тепе-теңдігін іздеп, қарапайымдылыққа, анықтыққа және жылдам жүктелуге басымдық берді. UX (User Experience – пайдаланушы тәжірибесі) және UI (User Interface – пайдаланушы интерфейсі) ұғымдары веб-дизайнның негізгі бағыттарына айналды, өйткені сайттың тек әдемі болуы емес, сонымен қатар ыңғайлы және интуитивті болуы маңызды болды. 2020 жылдардан қазіргі заманға келсек, болашақ бұл: Иммерсивті тәжірибелер және AI. 2020-2025 жылдар веб-дизайнды жаңа деңгейге көтеруде. Анимациялар мен интерактивті элементтер қайта оралып, бірақ Flash-сыз, заманауи веб-технологиялар (CSS3, JavaScript) арқылы жасалуда. Минимализм мен типографикаға баса назар аударылады. Дыбыспен басқару (voice UI), виртуалды (VR) және толықтырылған (AR) шындық элементтерінің веб-сайттарға енуі басталуда, бұл пайдаланушыларға иммерсивті тәжірибелерді ұсынады[3,25].

Жасанды интеллект (AI) веб-дизайн процесіне де еніп келеді. AI негізіндегі құралдар дизайн макеттерін жасауға, пайдаланушы деректерін талдауға және сайттың мазмұнын дербестендіруге көмектеседі. Веб-дизайндағы қазіргі трендтер үнемі дамып отырады, бірақ олардың басты мақсаты – пайдаланушы тәжірибесін (UX) жақсарту және сайттарды визуалды тартымды әрі функционалды ету. Міне, қазіргі веб-дизайндағы негізгі трендтер: Минимализм және таза дизайн (Minimalism and Clean Design). «Аз – көп» қағидасы: Артық элементтерден арылу, бос кеңістікті (white space) тиімді пайдалану. Бұл сайттың тез жүктелуіне, маңызды контентке назар аударуға және пайдаланушыға ыңғайлы болуына мүмкіндік береді. Apple сияқты брендтер осы стильдің жарқын үлгісі. Тегіс дизайн (Flat Design) және Неоморфизм (Neomorphism): Дизайн элементтерінің 3D эффектсіз, қарапайым, тегіс көрінуі. Неоморфизм болса, тегіс дизайнға жұмсақ көлеңкелер мен градиенттер қосу арқылы элементтердің «басылған» немесе «шығыңқы» болып көрінуін қамтамасыз етеді. Пайдаланушы интерфейсі (UI) мен пайдаланушы тәжірибесі (UX) веб-дизайнның негізгі тіректеріне айналған. Веб-дизайнның болашағы бұрынғыдан да интерактивті, жекелендірілген және технологиялық жағынан дамыған болады деп болжануда. Веб-дизайн трендері – бұл үнемі өзгеріп, жетіліп отыратын үдеріс. Әрбір онжылдық өзінің ерекшеліктерімен және инновацияларымен ерекшеленді. Бастапқы қарапайымдылықтан бастап, қазіргі күрделі, интерактивті және жауапты дизайнерлерге дейін веб-дизайн интернеттің өзімен бірге дамыды. Оның мақсаты әрқашан бір болды – ақпаратты тиімді жеткізу және пайдаланушыларға ең жақсы цифрлық тәжірибе ұсыну. Бұл эволюция жалғаса бермек, өйткені технологиялар дамып, адамдардың қажеттіліктері өзгереді

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бекмағанбетов, Т.Е. Веб-дизайн негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 180 б.
2. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ. Цифрлық сауаттылық және веб-технологиялар негіздері: әдістемелік құрал. – Астана: 2021. – 96 б.
3. Қожахметова, А.А. UX/UI дизайн және қолданушы интерфейсі // IT білім журналы. – №2(14), 2023. – Б. 25–30.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

ОН БІРІНШІ СӨЗ

Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі - ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші - бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын деп, көзін қыздырып алып, өзін бір ғана азық қылайын деп жүр.



Ұлықтар пәлі-пәлі, бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр. Қара халық менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылынды соғайын, дауынды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр. Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді, шаруа да қылар еді. Бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді. Енді жұрттың бәрі осы екі бүлік іске ортақ, мұны кім түзейді? Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме? Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды?

1891



Ескерту: Журналда жарияланған материалдарды басқа жаққа сілтемесіз көшіріп салуға болмайды.

Материалы, опубликованные в журнале, нельзя размещать в других источниках без указания ссылки.

Materials published in the journal may not be reposted elsewhere without proper citation.